



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Абдакимов А. Образование казахского государства. [Электронды ресурс]. //История казахстана: история, культура, традиции родного края. URL: <http://www.kazakhstanhistory.ru/post27.php> (қаралған уақыты: 18.02.2015)
2. Қарин Е. Ұлттық идеологияның темірқазығы – мемлекеттілік // Егемен Қазақстан, -2014, №213 - 7 б.

ӘОЖ 63.321.96.(576)

ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ: ЖАҒАНДЫҚ ДЕМОГРАФИЯ КОНТЕКСТІНДЕ

Болатұлы Нұржан

Nur.bolatuly01@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және саясаттану факультеті, Саясаттану кафедрасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор м.а. М.Т. Іліпов

Қазақстандық қоғамның саяси мәдени, саяси этностық, саяси конфессионалдық ерекшелігі тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап осы салаларда салмақталған саясат жүргізу міндетін алға қойды.

Әлеуметтік бірдей емес топтардың тең құқықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау, оларды ортақ мүдде шеңберінде біріктіру қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі басты міндеттердің бірі болды.

Қазақстан Республикасының Статистика комитетінің 2014 жылғы зерттеуі бойынша қазақтар ел тұрғындарының 63%-ын құраған [1]. Демографтар әлемде 15 миллион қазақ бар дегенді айтады. Әйткенмен, шеттегі қазақтардың дәл саны туралы нақты деректер жоқ.

Қазақстан өз тәуелсіздігін нығайта түсумен қатар алыс және жақын шет елдердегі қазақ диаспорасына ерекше көңіл бөлуде. Кезінде әртүрлі себептермен көшіп кеткен қандастарымыз тәуелсіз мемлекетімізге жан-жақтан орала бастады. Сондықтан оларға «оралман» атауы да берілді. Басқаша айтқанда, халықаралық деңгейде «репатриант» деп аталатын бұл әлеуметтік топ өкілдерінің саяси-әлеуметтік жағдайлары өзінің өзектілігімен күннен-күнге маңыздылығын арттыра түсуде. Сәйкесінше, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көші-қон үдерістерін реттеу, шетелде тұратын этностық қазақтарды тарту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. Мемлекеттік диаспоралық саясат шеңберінде шетелдегі қазақтардың ұйымдарымен байланыстар қалпына келтірілді, кездесулер, ірі құрылтайлар өткізілді.

Адамзат жаһандық демографиялық төңкерісті басынан өткеруде. Яғни, әлем халқы саны тез өсуден, шектеулі өсімге өтуде. Осы адамзат тарихындағы құбылыс әлемдегі миллиардтаған адам өмірінің әр жағына өз ықпалын тигізуде. Осыған орай, демографиялық үдерістер әлемнің, оның ішінде Қазақстанның да өзекті мәселесіне айналууда. Бұл мәселені тыңғылықты түсінуден қазіргі жағдай ғана емес, келешектегі адамзаттың өмір сүруі, оның басымдықтары, жаһандық қауіпсіздік де айқындалатыны белгілі.

«Білу, түсіну, бағалау, өзгерту» – деген мәселелер демографияның басты міндеті, – деп «демографиялық төңкеріс» түсінігін ғылыми айналымға енгізген Адольф Ландри айтқан болатын [2]. Оларды біз де осылай түсінеміз.

Демографиялық факторлар бір жағынан жаһандану үдерістерінің сипатын айқындауда, ал екінші жағынан өзі де осы үдерістің ықпалына ұшырауда. Адам және қоғамның жаһандану «қатерлеріне» төтеп беруінен барлық адамзат атаулының өмір сүруі де тәуелді. Осымен қатар, тарихқа үңілсек жаһандық үдерістерінің өзі адам санының артуына байланысты жаңа территорияларды игеруге деген қажеттіліктен басталған адамдардың көші-қонынан бастау алады.

Демографиялық салада жаһандану тұрғын халықтың өсуі және көші-қон үдерісінің қарқындылығы мәселесін алға қояды. Осымен қатар қатар қатарлардың ұлғаюына байланысты да жаһанданудың тәуекелдері артады. Олар, біржақтылық және жүйенің энтропиялық; виртуалдығы және осыған орай қоғамның аномиялығы; жалпылама сипат алған поляризация және теңсіздік; бір жағынан космополиттік әлемдік элитаның қалыптасуы, екінші жағынан оған қарсы тұратын бұқара халық.

Әр елдің халық санының жағдайына тарихи, саяси, экономикалық, т.б. ықпал ететіндігі сөзсіз. Дүниежүзіндегі халық санының өсу динамикасын мына 1 кестеден көруге болады.

1-кесте

Дүние жүзіндегі халық санының өсу динамикасы
(млн. адам)

Жыл	Саны	Өсім	Орташа жылдық өсім
1900	1630	-	-
1950	2524	894	18
1955	2759	235	47
1960	3027	268	54
1965	3343	320	64
1970	3702	316	63
1975	4081	379	76
1980	4442	366	73
1985	4847	400	80
1990	5282	435	87
1995	5686	405	81
2000	6091	404	80
Дерек көзі: World Population projections to 2050. United Nations. 1995.			

Бұл кестеден 1900 жылы ғана Жер шарындағы адам саны 1630 млн адамды құраса, ал 1999 жылдың өзінде адам саны 6 млрдқа дейін өскенін көреміз. 1959 жылдан адам санының 1 млрдқа өсуіне 20 жыл қажет болса, ал кейін 1 млрдқа көбеюге 8 жыл ғана кеткен, яғни 1979 жыл мен 1987 жыл аралығы. Жалпылама жылдық өсімнің қарқыны 1985 жылдан 1990 жыл аралығында байқалады, яғни өсім 87 млн адамды құраған. Осыдан соң біршама бәсеңдеу аңғарылады.

Жаңа заманда қазақ халқының бір бөлігі өздерінің тарихи отанынан тыс жерлерде тұрып жатты. Олардың бір бөлігі ирредента, ал екінші бөлігі диаспора деп саналды. Ирредента деп өздерінің ежелгі атамекенінде дәстүрлі өмір сүріп отырған біртұтас халықтың бір бөлігін айтады. Алайда өкінішке қарай, қазақтардың бірқатар жерлері шекаралардың өзгеруі, отаршыл басқыншылық саясат сияқты оқиғалардың салдарынан басқа мемлекеттің құрамында болып шықты. Ал диаспоралар халықтың бір елден екінші елге еріксіз қоныс аударып, өзге халықпен бірге тұруы болып табылады.

Кеңес үкіметінің отарлау саясаты салдарынан қазақ диаспорасы Қазақстаннан Қытайға, Ресейдің ішкері жағына, Орта Азия мемлекеттеріне, Ауғанстан мен Иранға өтіп, сөйтіп жер-жаһанға тұтас жайылып, тарап кетті. Қазіргі күні әлемнің 45 мемлекетінде 5 миллиондай қазақ ұлтының өкілдері тұратын көрінеді. Қазақ халқы өзінің бүкіл тарихында күні кешегі 1960 жылға дейін түрлі саяси және діни мәселелерге байланысты күштеп қоныс аударуға мәжбүр болып отырған. Батыс Еуропа, Америка және Парсы шығанағы аймақтарына жаппай еңбек иммигранттарының тасқыны үдеген замандарда көш-қонның негізгі себептеріне діни, саяси жайттармен бірге экономикалық қажеттіліктер де шыға бастады. Сондай-ақ, 60-шы жылдарға дейін қазақтар жаппай көшіп кететін болса, қазіргі күні жекелеп, бірді-екілеп кететін болған, сондықтан отбасыларын алдырады [3].

Қытай.

Бүгінгі Қытай қазақтары мекендеп отырған байтақ дала ежелден-ақ қазақ ұлтын құраған ру-тайпалардың ата қонысы. Мұны Қытай жазбаларының қай -қайсысы да терістемейді. Қытайдағы қазақтар Шыңжаң ұйғұр автономиялы ауданының Іле қазақ автономиялы облысында (Іле, Алтай, Тарбағатай үш аймақты өз ішіне алады), Мори қазақ автономиялы ауданында, Баркөл қазақ автономиялы ауданында тұрады. Бір бөлігі Үрімжі, Шыхызы, Қарамайлы қалаларында және Санжы хүйзу (дүңген) автономиялы облысына қарасты Санжы, Құтыби, Манас, Жемсары, Шонжы, Фуқаң, Мишуан, Фуқаң аудандарында тұрады. Бұдан басқа Шыңжаңмен шекаралас Чиңхай өлкесінің Хайши моңғол-тибет қазақ автономиялы облысында (көбі Шыңжаңға қайтып келді), Гансу өлкесінің Ақсай қазақ автономиялы ауданында тұрады [4].

Тарихта батыс өңір, бүгінде Шыңжаң ұйғұр автономиялы районы аталып отырған осы кең байтақ мекеннің территориялық жер аумағы 1 млн 600 мың шаршы шақырым. Жалпы Қытай жер аумағының 1/6 бөлігін ұстайды. Оның құрлықтық шекарасының ұзындығы 5600 шақырым болып, Монғолия, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан секілді 8 мемлекетпен шекараласады. 2000 жылғы Қытайдың халық санағына негізделгенде, Шыңжаңдағы қазақтар шоғырлы қоныстанған Іле қазақ автономиялы облысында 4 млн 83 мың 300 қазақ тұрады екен. Қытай елінің ресми деректері қазақтың санын 1 млн 300 мыңнан 1 млн 500 мыңға жеткізді [5]. Жылдық өсімі 26 мың. Ал белгілі демограф, ғалым Мақаш Тәтімов ағамыз бұл елдегі қазақтың санын ресми деректерден көп қылып көрсетеді. Ал көш басталғаннан бері Қытайдан келген қазақтардың саны 18 мың.

Моңғолия.

Жалпы Монғолияда қазір 130 мыңға жуық қазақ бар. Оның жүз мыңға жуығы Баян-Олгий аймағын мекендейді. Шетелдегі ұлттық жағдайы ең жақсысы – осы Монғолия қазақтары. Олардың басым көпшілігі өз ана тілінде оқиды. Қазақтың ұлттық ерекшелігін, ежелгі салт-дәстүрлерін, ата кәсібін жақсы сақтаған. Аймақтың басшыларының бәрі дерлік-қазақтар. Бұл елде демократия барынша кең қанат жайған. Сондықтан қазақтар қиыншылық көріп отырған жоқ [5].

Орталық Азия Республикалары.

Қырғызстанда 45 мыңдай қазақ бар. Қырғызстандағы қазақтар Бішкек қаласы мен оның төңірегінде, Шу алқабында, Ыстық көл айналасына көбірек орналасқан. Қырғызстандағы қазақтардың басым көпшілігі арасында біразы қырғызша, Ош өңіріндегілер өзбекше оқып, білім алған. Қазақ мектептері жоқ.

Қазақтар ең көп орналасқан елдердің бірі – Өзбекстан Республикасы. Қазір бұл елде 1,5 миллионнан астам қазақтар тұрады. Олардың ең көбі (400 мыңнан астамы) Қарақалпақстан автономиялы Республикасында орналасқан. Сондай-ақ Ташкент, Жызак, Бұқара, Науаи сияқты облыстарда тұтас ауыл, аудан болып отырған қазақтар баршылық.

Өзбекстанда қазақ мектептері әзірге баршылық, қазір 522 мектепте қазақ тілінде білім беріледі, оның 234-і – таза қазақ мектептері. “Нұрлы жол” атты қазақ тілінде республикалық газет шығады. Өзбек теледидарынан “Замандас” атты қазақша хабар соңғы уақытта тұрақты көрсетіле бастады. “Асыл мұра” атты қазақша кітаптар шығаратын арнайы редакция бар. Нүкісте “Бес қала” атты қазақ театры, Бостандық ауданында қазақ музыкалық комедия театры ашылған [6].

Өзбекстан қазақтарының атажұртқа оралуға деген ынта-ықыласы ерекше. Оған Өзбекстан жағынан төтенше кедергі, қарсылық жоқ. Қазір Қазақстан Өзбекстанға жылына 10-11 мыңдай отбасының көшіп келуіне квота бөліп отыр. Ал арыз берушілердің мөлшері бұдан бірнеше есе көп. Қарақалпақстан қазақтарының біразы Қазақстанның Алматы, Жамбыл, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарына қоныс аударады [1].

Түркіменстанда соңғы жылдарда санақ жүргізілмегендіктен және де осындағы қазақ ағайындардың өсіп-өнуі мен көші-кон жағдайлары толығымен анықталмағандықтан (1995 жылғы санақта – 86978), қазіргі кезде 60 немесе 70 мыңдай қазақ тұрады деген болжамдардың өзі нақты көріністі бере алмайды. Түркіменбашы қаласында жақын жерде

орналасқан “Аққулы маяк” қалашығында 2000-ға жуық халық тұрады, оның 90%-ы қазақтар [6].

Қазақ ағайындар Түркіменстанның 5 вelayатында (облыс) әр түрлі жиілікте қоныстанған. Олар әсіресе Қазақстанмен шекаралас Балқан вelayатында (20-25 мың), Қарақалпақстанмен шекаралас Дашоғыз (Ташауыз) вelayатында (15-20 мыңдай) шоғырлана қоныстанған. Мары вelayатында (10-15 мыңдай) , Түркіменстан астанасы Ашхабатта 170 қазақ отбасы тұрады [4].

Осында тұратын қазақтардың жастық көрсеткіштегі санын пайыздық есеппен алатын болсақ: 1-25 жас аралығындағылар шамамен 40%, 25-45 жас аралығындағылар 20%, 45-65 жастағылары 25%, 65-тен жоғарылары 15% деп болжам жасауға болады.

Түркіменстандағы қазақтардың басым көпшілігі 1928-1930 жылдары Қазақстанда басталған ашаршылықтан, әр түрлі қуғын-сүргіндерден Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарынан бас сауғалап барғандар. Кеңес Одағы тұсында олардың біразы атамекенге оралды. Бүгінде Түркіменстандағы қазақ мектептері түгел жабылған. Ол жаққа қазақша кітап, газет, журналдар бармайды. Қазақша телехабар мүлде жоқ [5].

Кеңес Одағы кезінде Тәжікстанда 30 мыңнан астам қазақтар тұтас ауыл болып отырған. Бірақ Тәжікстандағы қазақтардың басым көпшілігі соғыс кезінде Қазақстанға (Оңтүстік Қазақстанға) қоныс аударды. Қазір қазақтар Душанбе қаласы мен оған жақын аудандарда бірен-саран кездеседі, негізінен аралас некедегі қазақ қыздары. Бірақ олар бастарын қосып ешқандай ұлттық мәдени орталық құрған жоқ [5].

Осыдан оншақты жыл бұрын алыс шетелдердің ішінде қазақтар ең көп, тығыз орналасқан елдің бірі – Ауғанстан елі. Мұндағы қазақтар негізінен Мазари Шариф төңірегінде тұратын. Кабул қаласында және басқа жерлерде біраз қазақтар бар еді (жалпы ол кезде ресми статистикалық есептерде Ауғанстанда 30 мың қазақ бар деп көрсетілген). Міне осы қазақтардың басым көпшілігі Ауғанстандағы соғыс кезінде шетелдерге (Иран, Түркия, Сауд Арабиясы, Пәкістан) өтіп кетті. Кейін олардың бәрі дерлік Көші-қон квотасы арқылы Қазақстанға жетті. Олар негізінен Оңтүстік Қазақстан облысына келіп қоныстанды, біраз бөлігі Алматы облысында тұрып жатыр. Қазір Ауғанстанда 300 отбасындай қазақтар қалды деп есептелінеді. Олармен байланыс өте қиын. Барыс-келіс мүлде жоқ деуге болады. Сондай-ақ, Ауғанстанда қазақ жерінен осыдан 150-200 жыл бұрын кеткен қазақтар бар. Олар өз шежіресін, ата-бабасын жақсы біледі. Бірақ қазақ тілін білмейді [6].

Ресей Федерациясы.

Ресей Федерациясында 1 310 000 этникалық қазақ тұрады, олардың 70%-дайы ауылды жерде тұрады. Біздің отандастарымыздың көпшілігі Ресей Федерациясының Қазақстанмен шекаралас 12 субъектілерінде жинақы тұрып жатыр. Бұл - Алтай өлкесі, Астархан, Орынбор, Самар, Қорған, Шелебі, Омбы, Сарытау, Волгоград, Новосібір және Түмен облыстары. Қазақтардың белгілі бір саны Мәскеуде, Санкт-Петербурда, Татарстанда, Қалмақияда, сондай-ақ Ресейдің басқа да облыстарында өмір сүруде [4].

Жалпы, Ресейдегі қазақтарының тұрмыс-тіршілігі жаман емес. Содан ба, олар қазір Қазақстанға жапырлап көшуді ойлап отырған жоқ. Оның есесіне елдің саяси өміріне араласу жағында бауырларымыз ерекше ынталы. Олай болатын себебі, Ресейдегі қазақтар арасында оқыған азаматтар да, ауыл, аудан өнеркәсіп орындарын басқарып отырған кадрлар да жеткілікті.

Орынбор, Саратов, Астрахань, Омбы, Волгаград облыстарының қазақтар көп тұратын аудандарында қазақ мектебі жоқ (бұрынғы Кеңес Одағы кезінде мектептер болған). Бұларда қазақ тілі факультативтік пән ретінде жүргізіледі.

Түркия.

Қазақстан егемендігін алғалы ең бірінші шетелдегі қандастарымызбен қатынас орнатқан ел Түркия. Түркиядағы қазақтардың саны – 20 мыңнан аспайды. Олар негізінен Стамбул, Салихлы, Анкара, Измир қалаларын мекендейді. Кәсібі – тері өндірісі, каучук бұйымдарын шығару, саудамен айналысу.

1952 жылы Қытайдан Тибет асып, Кашмирге келген қазақ көші басшыларының бірі Хұсайын Тәйжі өз баурымыз деп Делидегі Түркия Республикасының елшілігіне “қазақ көшін қабылдау туралы” өтінішімен кірді. Берілген өтініш Түркия Республикасы Министрлер кабинетінде 13.03.1952 жылы қабылданып, қанағаттандырылды. Сонымен Түркия Республикасына алғашқы қазақ көшін Хұсайын Тәйжі бастап барды. Оның құрамында 20 отбасы, 102 жан саны болды. Барған қазақ көшін Түркия Республикасы Стамбул қаласында күтіп алып, оларға сегіз ай өз мәдениеті мен дәстүрін, тілін, ділін үйретті. Сол аралықта қазақ қандастарға Түркияның Қайсар облысы, Деуелі, Яхиялы, Ильясты аудандарынан үй, жер бөлініп, келгендерді сонда орналастырды [6].

Ал, артта қалған көш Түркияда орныққан қазақ бауырлардың жақсы жағдайын хат арқылы біліп, олар да 1953-1954 жылдар арасында бөлім-бөлім болып түріктестес бауырларға келіп қоныстанды. Олар 1850 жан, 675 отбасы еді.

Жоғарыда Түркия Республикасы бөліп берген төрт облысына жерлескен қазақтардың отбасы саны:

1. Қайсар облысына 100 отбасы;
2. Нигде облысына 234 отбасы;
3. Кония облысына 160 отбасы;
4. Измир облысына 160 отбасы;

654 отбасы және 21 ұйғыр отбасы туысқандарымен барлығы 675 отбасы орналасты [6].

Түркия елінің жағдайына, тұрмысына қаныққан қазақ қандастарымыз 5-6 жыл мемлекет бөліп берген жерлерде тұрды-дағы жағдайларын жақсарту және ел қатарлы өмір сүру мақсатында халық көп шоғырланған, бизнес орталығы Стамбулға келе бастады. Ол жерде қандастарымыз қолөнер, сауда-саттықпен айналысып, ұжымшылдықпен құрған кішігірім зауыттар мен фабрикалар ашып жергілікті өмірге бейімделу қамын жасады.

Германия.

Германиядағы қазақтар Түркия мен Германия арасындағы келісімшарттың негізінде Түркиядан жұмыс істеуге барған қандастарымыз және олардың ұрпақтары. Олар негізінен 1963 жылдан бастап Германияға кете бастаған.

Бұл елде жалы саны – 300-дей отбасы тұрады. Барлығы шамамен 1,5 мыңдай адам. Оның ішінде Кельнде – 200 үй, Мюнхеньде – 60 үй, Берлинде – 10 үй, қалғандары Гамбургта және басқа қалаларда орналасқан. Бұдан бес жыл бұрынғыға қарағанда отбасы саны – қырық шақты үйге көбейген. Бұл – ержеткендердің отау болып шығуының арқасында. Мұндағы отандастарымыздың көпшілігі – жұмысшылар. Сауда ісімен айналысып жүргендер, зейнеткерлерде жеткілікті. Бірлі-жарым оқыған азаматтар да бар.

Еуропа қазақтарының кіші құрылтайлары Берлин, Кельн және Мюнхень қалаларында өткен. Кельндегі қазақ қоғамын көп жылдан бері Абдрахман Шетин басқарды. 2008 жылдан бастап Абдулғани Махим қолына алды. Мюнхень қаласындағы қазақ мәдени орталығының бастығы – Абдурахман Уналан. Берлин қаласындағы қазақ мәдени орталығын көп жылдан бері Жүнісбай Тораман жүргізіп келеді.

Германиядағы қазақтардың тұрмыстық жағдайы жаман емес. Әлеуметтік жағынан жақсы қамтылған. Олар саясаттан алыс. Көбіне күн көріс қамында. Бұл жақтағы қазақтардың өмірінде өзгеріс көп. Өзгеріс болғанда тұрмыс жағдайында емес, сана өзгерісі. Дін жағына келгенде ислам қағидаларын қатты сақтайды. Ал, болашаққа көзқарастары әжептеуір өзгереген. Олар әсіресе Германия азаматтығын алуға өте ықыласты. “Енді ешқайда бармаймыз. Осы Еуропада қаламыз”, – дегенді әсіресе, жастар жиі айтады. Оның үстіне жастардың мамандық алуға, оқуға талпынуы ерекше. Қазақстанға көзқарастары да жақсы. Бірақ, көшіп келуге ынталы емес [6].

Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігінен қанға сіңген тамаша бейімделгіштік, жерсінгіштік, алғырлық қабілет-қасиеттерінің арқасында Қазақ диаспорасы жартылай этникалық, мультимәдени, мультидіни құрылымды елдерде жергілікті тіршілікке бейімделіп кете алды. Өздері тұрып жатқан аймақтарда этникалық азшылық болғандықтан, сол елдің саяси құрылымында Қазақ диаспорасының айтарлықтай салмағы жоқ.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР Статистика комитетінің ресми сайты// stat.kz
2. Демографический энциклопедический словарь /Гл.ред. Валентей Д.И. М.:Советская энциклопедия – 1985
3. Г.Меңдіғұлова. Қазақ диаспорасы // <http://baq.kz/diaspora/339>
4. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 264 бет.
5. <http://www.massagan.com/forum.php?mod=viewtopic&topicid=1602>
6. <http://mongolianislam.mn/kz/?p=3056>

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ ІЛІМДЕР ТАРИХЫНДАҒЫ ДАМУЫ

Газизова Гульзира Зейнетоллаевна

gulzira777.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.К. Тулебаева

Әр істе табысқа кенелу төзімділік пен баяндылыққа байланысты болып келеді және төзім болмаса, табыс пен жеңіс қолға оңай түспейді. Ғылым мен білім жолында және табиғаттың құпияларын ашу үшін қажырлы еңбек етіп, қиындықтарға төзген данышпандар аз емес. Олар сол еңбегінің арқасында жоғары ғылыми дәрежелерге қол жеткізген. Сондай-ақ өзінің ұстамдылығы мен еңбек етуінің арқасында жағымсыз әдеттер мен сипаттар орнын игі сипаттармен ауыстырған адамдар да кездеседі. Мұндай кісілер нәпсі құмарлар мен азғындыққа бастайтын әулекі алдында төзімді болып, мықты және құнды адамдарға айналған. Қоғамдағы жағдайды жақсартуға талпыну да төзімділікті қажет етеді. Қоғамды түзетуде оң қадамдар жасап, оны бақытқа жетелейтін кісілер қарсыластардың бөгет жасаулары, мазасын алуы және былапыт сөздеріне қарап тұрып, түрлі қиындықтарға төзіп, түпкі жеңіске дейін қайсар болуы керек.

«Толеранттылық» ұғымы алғаш рет 1953 жылы медицина саласында пайда болған. XX ғ. 80-ші жылдардың аяғында саяси термин ретінде ресімделген, ол «төзімділік» ұғымының синонимі болып табылады [1, 143 б.]. «Толеранттылық» ұғымын білімнің әр саласында қолданады: философия, теология, медицина, психология, әлеуметтану, саясаттану және т.б. «Толеранттылық» терминінің этимологиясы латынның **tolero** – «арқалау», «ұстау», «төзу» деген етістігінен шыққан. Бұл етістік қолда қандай да бір затты ұстап, арқалауда қолданылған. Сонымен қатар сол затты ұстап, тасу үшін адам белгілі бір күш жұмсау керек, төзу керек. Бұл термин латыннан басқа тілдерге көшкен. Д.Н. Ушаковтың редакциясымен шыққан орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «толеранттылық –tolerant француз тілінен аударғанда төзімді дегенді білдіреді» [2]. В.И.Дальдың сөздігінде «төзімділік» сөзі біреуге немесе бір нәрсеге мейіріммен, қамқорлықпен ғана төзу, шыдау деп көрсетілген [3]. Бұл терминді осындай көзқараспен қазіргі заманғы сөдіктердің көбісі қарастырады. Мысалы, А.М. Прохоровтың редакциясымен шыққан «Советтік энциклопедиялық сөздік» «толеранттылықты» басқалардың ойы, сенімі, іс-әрекетіне төзімділікпен қарау деп талдайды [4]. «Толеранттылық» термині ағылшынның – tolerance түсінігінде кең таралған, онда ол төзімділікпен қатар рұқсат ету деген мағынаны білдіреді [5]. Екі терминді салыстырып қарағанда басқа адамға немесе құбылысқа төзудің шегі, шекарасы, шамасы идеялары көрініс табады. А.П.Садохинның пікірінше, әртүрлі ұлттардың толеранттылықты түсінуі тарихи тәжірибесіне байланысты әртүрлі және сан қилы қарым-қатынас, көңіл-күй түрлерін білдіреді [6]. Осылайша, ағылшын тілінде толеранттылық «тұлға мен затты қарсылықсыз қабылдауға қабілетті, дайын екендігін», француз тілінде бұл термин «басқаның